



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ҰЛТТЫҚ БАНКІ  
2010 ЖЫЛҒЫ 02 ТАМЫЗДАҒЫ  
№ 18 БАСПАСӨЗ Р Е Л И З 1

**Кредит нарығын дамытудың сапалық  
өлшемдері туралы**

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі ағымдағы жылдың шілдесінде екінші деңгейдегі банктерге кейіннен банктердің өкілдерімен сұхбат жүргізе отырып, сауалнама жүргізу нысанында «Кредит нарығының жағдайы және өлшемдерінің болжамы» кезекті тексеруді жүргізді. Банктер ұсынған нәтижелер кредит нарығының мынадай сапалық үрдістерін растайды.

**Корпоративтік кредиттеу секторы** қаржылық емес ұйымдар тарапынан кредиттік белсенділіктің төмен болуымен сипатталып отыр. Өткен тоқсандағыдай, сұраныстың ұлғаюы туралы мәлімдеген респонденттердің үлесі 2010 жылғы 2-тоқсанның қорытындылары бойынша респонденттердің жалпы санының 48% құрады.

Банктердің бақылауы бойынша корпоративтік клиенттердің қаржы-экономикалық көрсеткіштері 2010 жылғы 2-тоқсанның нәтижелері бойынша пайдалылықтың және рентабельділіктің кейбір оң динамикасын көрсетіп отыр және негізінен экономиканың сауда, көлік және байланыс, электр энергиясын, газ бен су өндіру және тарату сияқты секторлары ұсынған, бұл оларға өндірісті дамыту және жаңа кредиттік желілерге қажеттілікті бағалау туралы ойлануға мүмкіндік жасайды. Алайда, банктердің кредиттік саясатының айтарлықтай катал екендігін ескере отырып, клиенттердің негізгі бөлігі банктер ұсынатын талаптарға сәйкес келмейді, бұл кредиттік сұраныстың іске асырылуына мүмкіндік бермейді.

Банктердің тәуекел-менеджмент жүйесінің және кредиттік саясатының дағдарыс нәтижесінде қатаңдатылуы клиенттер үшін өнімдер бойынша неғұрлым тартымды жағдайлар және ставкалар ұсына алатын басқа орта және ірі банктер тарапынан сапалы заемшылар үшін бәсекелестік факторын арттыруға алып келді. Қаржылық емес ұйымдар тарапынан өз кезегінде нарықтық конъюнктураны талдаудың неғұрлым мұқият тәсілін және тиісінше неғұрлым икемді және тартымды жағдайларға негізделген кредиттік өнімдерді таңдауды атап өтеді.

Банктердің бағалауы бойынша негізгі тәуекелдер бұрынғыша құрылыс, жылжымайтын мүлікпен операциялар, ауылшаруашылығы сияқты салаларда шоғырландырылған.

Тұтастай алғанда қаржы секторындағы негізгі үрдістерді ескере отырып, банктер қатан кредиттік саясаттың және заемшылар тарпынан кредиттік ресурстарға қалыпты сұраныстың сақталуын болжайды.

**Кредиттеудің бөлшек нарығы** ипотекалық және тұтынушылық кредиттерге сұраныстың сақталуымен сипатталады. Ағымдағы жылдың 2-тоқсанына ипотекаға сұраныстың ұлғаюы туралы мәлімдеген респонденттердің үлесі 31% құрады, бұл 1-тоқсанға қарағанда айтарлықтай жоғары (27%). Сұраныстың бұрынғы деңгейде сақталуын растаған банктердің үлесі 60% астам болды. Тұтынушылық кредиттерге сұраныстың ұлғаюын атап өткен респонденттер санының өсуі 42% құрады, бұл өткен тоқсанға қарағанда шамалы төмен (48%).

Ипотекалық кредиттер әлі де қаржыландырудың тәуекелді түрі болып қалуда, сондықтан банктер осы сегментті кредиттеуге ұстамдылық жасап отыр. Ипотекалық кредиттерді қаржыландырудың ұзақ кезеңі бар өнім ретінде банктер шектеулі санда ұсынады, бұл ретте қосымша, банктер кредиттеудің орта мерзімдерін қысқартты.

Банктердің бағалауы бойынша тұтынушылық кредитке сұраныстың ұлғаюы негізінен мерзімдік сипатына қарай, тікелей банктерде ресімделетін және пәтер жөндеуге, тұрғын үй құрылысына және демалысқа берілетін мақсатты емес кредиттердің есебінен жүргізілді. Бұл ретте, әдеттегідей, тауар сатып алынатын жерде (сауда нүктелерінде, дүкендерде) ресімделетін тұрмыстық техниканы және электроника сатып алуға арналған мақсатты кредиттерге сұраныстың айтарлықтай өсуі байқалмайды.

Қазіргі кезде тұтынушылық кредиттерді банктер жылдам айналымдылығына және салыстырмалы түрде алғанда кредит сомасының аз болуына байланысты ресурстар салудың ең озық құралы ретінде қарайды.

Қаржы нарықтарының және қаржы ұйымдарының шетел валютасымен берілген кредиттер бойынша қосымша провизиялар жасауға қатысты қызметтерін реттейтін нормативтік құқықтық актілерге өзгерістерді назарға ала отырып, банктерді көбі шетел валютасымен кредиттеуді шектеуге басымдық бере отырып, ұлттық валютадағы өнімдерді ұсынады.

2010 жылғы 3-ші тоқсанда жеке тұлғаларға кредит беру нарығында банктер тарапынан кредит саясатын бұдан әрі аз ғана жұмсарту, сондай-ақ едәуір деңгейде тұтынушылық кредит есебінен кредит ресурстарына сұраныстың бұдан әрі жандануы күтілуде.

### **Несие портфелі сапасының нашарлау қарқыны бәсеңдеуде.**

Банк секторындағы неғұрлым елеулі тәуекел бұрынғыша кредит тәуекелі болып табылады, осы тәуекелдің маңыздылығының өсуін респонденттердің жалпы санының 46% атап өтті. Сонымен бірге банк қызметкерлері тарапынан алаяқтық оқиғалардың азаюы нәтижесінде

және тұрақты айырбастау бағамының сақталуын оптимистік күтуге байланысты операциялық және валюталық тәуекелдердің маңыздылығының төмендегені байқалуда.

**Банктердің 54% жуығы жылжымайтын мүлік бағасы тұрақтандырылды деп санайды, респонденттердің 33% 2010 жылдың 3-ші тоқсанында жылжымайтын мүлік бағасы аз ғана өседі деп күтуде.** Қазіргі кезде банктердің бағалауы бойынша жылжымайтын мүлік нарығы «дағдарыстан шығу» жағдайында. Жыл аяғына дейін өсу жағына қарай да, төмендеу жағына қарай да бағаның күрт өзгеруі күтілмейді. Бұл, ең алдымен адамдардың психологиялық факторларына байланысты: сатып алушылар жылжымайтын мүлік бағасының бұдан әрі төмендеуін, сатушылар – бағаның жоғарылауын күтуде. Екіншіден көптеген құрылыс компанияларында қаржы құралдары жоқ, ал банктердегі жобалардың құрылысын жалғастыруға мүмкіндік беретін кредиттеу жағдайлары клиенттер үшін тиімсіз. Үшіншіден, жылжымайтын мүлік нарығын бұдан әрі дамыту банк секторындағы ахуалға байланысты болады, жылжымайтын мүлік бағасы ипотекалық кредит халық үшін қол жетімді болған жағдайда ғана тұрақты түрде өсетін болады.

Зерттеу нәтижелері Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің сайтында ([www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz)) «Қаржы тұрақтылығы» бөлімінде орналастырылған.